

Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) дайындау және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулар

1 Нормативтік сілтемелер

1.1 Әдістемелік нұсқаулар келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (02.08.2018 ж. № 170-VI ҚРЗ өзгерістер және толықтырулармен);
- Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. №604 бұйрығы);
- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы, 12.10.2018 ж. №563 өзгерістермен);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
- Мемлекетаралық стандарттар: МЕМСТ 7.32-2001 (2006 жылғы өзгерістермен). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы мен ресімдеу ережелері;
- МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

2 Жалпы ережелер

2.1 Осы әдістемелік нұсқаудың мақсаты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (бұдан әрі мәтін бойынша университет) дипломдық жұмыстарға (жобаларға) қойылатын жалпы талаптарды белгілеу болып табылады.

2.2 Дипломдық жұмыс (жоба) университет бакалавриатында оқудың қорытынды кезеңінде орындалатын жазбаша бітіру жұмысы болып табылады.

2.3 Студенттің дипломдық жұмысына (жобасына) келесі жалпы талаптар қойылады:

- дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми-зерттеу сипатында болуы тиіс;
- дипломдық жұмыс (жоба) студенттің тәжірибелік материалдарын өз бетінше жинау, жүйелендіру және тәжірибеде немесе қоғамдық қатынастардың немесе қызметтің (құқық, экономика, басқару) осы саласында қалыптасқан жағдайды (үрдістерді) талдау іскерлігінің болуын көрсетуі тиіс...);
- дипломдық жұмыстың тақырыбы, мақсаттары мен міндеттері зерттеу мәселелерін шешумен тығыз байланысты болуы тиіс;
- жұмыс (жоба) студенттің есеп беру деректерін және басқа авторлардың жарияланған материалдарын елде де, шетелде де адал пайдалануын көрсетуі тиіс;
- дипломдық жұмыс (жоба) нақты құрылымы, аяқталуы, материалды логикалық, дәйекті баяндау талаптарына жауап беруі, жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі болуы тиіс;

• дипломдық жұмыстың (жобаның) ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары жаңа статистикалық деректерге және қолданыстағы нормативтік актілерге, ғылым жетістіктері мен практика нәтижелеріне сүйенуі тиіс; экономика, менеджмент және т. б. саласындағы жұмыстар үшін есептеу-талдау бөлімі болуы тиіс (тиісті аналитикалық кестелермен, кестелермен, диаграммалармен және т. б.).

2.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау мақсаты:

1) мамандық бойынша теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту, және оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді, сонымен қатар, мәдени бағыттағы мәселедерді шешу үшін қолдану;

2) өзіндік жұмысты орындау дағдыларын дамыту және қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін ғылыми зерттеу мен эксперименттеу әдістемелерін меңгеру;

3) заманауи өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайларында студенттің өзіндік жұмыстарға дайындығын, сонымен қатар, оның кәсіби құзырет деңгейін анықтау;

2.5 Дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің көмегімен жүзеге асырылады және төмендегі талаптарға сай болуы керек:

1) ғалымдар, аналитиктер, практиктар: инженерлер, конструкторлар, менеджерлер мен экономисттердің ғылыми зерттеулерін, жобалық шешімдерін түйіндеу;

2) зерттеліп отырған нысан бойынша ғылыми негізделген теориялық мәліметтердің болуы;

3) нақты тапсырманың орындалуын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелердің болуы.

2.6 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті, ғылым, техника және мәдениеттің заманауи күйі мен даму перспективасына сәйкес болуы керек. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын анықтау кезінде оның пәнаралық және университет және сыртқы тұтынушы (ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТЭН және т.б.) қажеттілігі үшін нәтижелердің қажеттілігін ескеру ұсынылады.

2.7 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбы білім беру бағдарламасы мен кадрларды даярлау бейініне сәйкес болуы тиіс.

2.8 Дипломдық жұмыстар (жобалардың) тақырыптарын кафедра анықтап, факультеттің Ғылыми кеңесінде қарастырып бекітіледі.

2.9 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) жалпы тізімі жыл сайын кемінде 30%-ға жаңартылып отыруы керек.

2.10 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы 7(9) семестрдің басында студентке беріліп, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Диплом алдындағы тәжірибе аяқталғаннан кейін дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы қажет болған жағдайда кафедраның ұсынысы бойынша өзгертілуі, нақтылануы, түзетілуі мүмкін.

2.11 Жұмыс (жоба) тақырыптары әр студент үшін жеке болуы керек, бір тақырыпты екі студент таңдауға болмайды.

3 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу ретіне қойылатын талаптар

3.1 Дипломдық жұмыс (жоба) соңғы оқу жылы ішінде орындалады. Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындауға кететін уақыт шығындары бакалавриаттың тиісті білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен және академиялық күнтізбесімен анықталады.

3.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу үшін әрбір студентке кафедраның ұсынуымен ғылыми жетекші тағайындалады, ол UNIVER жүйесінде көрсетіледі.

3.3 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) ғылыми жетекшілері болып профессорлар, доценттер (қауымдастырылған профессорлар), аға оқытушылар (3 жылдан астам жұмыс өтілі бар) тағайындалады.

3.4 Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының ғылыми жетекшілігін кафедра ПОҚ, кафедра меңгерушілері арасында бөлу кезінде, сондай-ақ біліктілігі, жұмыс өтілі, ПОҚ-да орындалатын ғылыми жобалардың болуын ескере отырып, бірқалыпты принципін басшылыққа алу қажет. Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі:

- дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға тапсырма береді;
- студентке дипломдық жұмысты (жобаны) жасаудың толық мерзіміне күнтізбелік кестені құрастыруға көмектеседі;
- студентке керекті негізгі әдебиеттерді, анықтама және мұрағаттық материалдарды, типтік жобалар мен тақырып бойынша басқа да мәліметтерді ұсынады;
- дипломдық жұмыстың күнтізбелік кестесінің орындалуын бақылап отыру үшін кеңес беру кестесін анықтайды;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық тарауларының көлемін анықтап, студент пен кеңес берушілердің жұмысын үйлестіріп отырады.

3.5 Рецензент ретінде жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері, оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ басқа ұйымдардың жоғары білікті мамандары мен ғылыми қызметкерлері тағайындалады. Рецензенттер студент орындаған жұмыстың (жобаның) тиісті бөлімдерін тексереді және дипломдық жұмысқа (жобаға) пікір жазады.

3.6 Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты (жобаны) орындау бойынша студенттің мерзімді есебінің мерзімін белгілейді. Бұл мерзімде студент бітіруші кафедра алдында есеп береді, ол дипломдық жұмыстың (жобаның) дайындық дәрежесін белгілейді.

3.7 Дипломдық жұмыс (жоба) білім беру бағдарламасы бойынша әдебиеттерді терең зерделеу негізінде орындалады (оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, мерзімді әдебиеттер, дәрістік курстар, ғылыми журналдар, соның ішінде шет тілдерінде, нормативтік әдебиеттер және т.б.).

3.8 Дипломдық жұмыстың негізгі мәтіні шығармашылық ойын, зерттеу әдістерінің негіздемесін, есептеу әдістері мен компьютерлік технологиялар арқылы алынған есептеулерді, жүргізілген тәжірибелердің сипаттамаларын, оларды талдау мен қорытындыларын, нұсқаулардың техникалық-экономикалық

салыстыруын толық ашып, иллюстрациялар, графиктер, эскиздер, диаграммалар, схемалар және т.б. өңделуі керек.

3.9 Дипломдық жұмысты (жобаны) студент ЖОО-да, сондай-ақ кәсіпорында, ұйымда, ғылыми, жобалау-конструкторлық және басқа да ұйымдарда диплом алдындағы тәжірибе базасы ретінде орындай алады.

Диплом алдындағы тәжірибенің нәтижесі одан әрі жұмыс істеу үшін тәжірибелік материалдарды іріктеу, сондай-ақ тәжірибеден өту орнынан мінездеме болуы тиіс.

4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) мазмұны мен құрылымы

4.1 өзінің мазмұны бойынша дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің басшылығымен және білім беру бағдарламасы бойынша студенттің дайындаған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

4.2 Дипломдық жұмыстың (жобаның) көлемі білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес кафедрамен анықталуы тиіс.

4.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтері:

- титул парағы;
- реферат;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (қорытындылар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

4.3 Титул парағы дипломдық жұмыстың (жобаның) бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу және іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады. Титулдық парақта келесі мәліметтер келтіріледі:

- Министрліктің, оқу орнының, факультеттің және кафедраның толық атауы (әрқайсысы бас әріппен);

- жұмыс түрі - дипломдық жұмыс (жоба));
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының атауы;
- білім беру бағдарламасының шифры мен атауы;
- сол жақ - «орындаған» сөзі, оң жақ қарама-қарсы студенттің аты-жөні көрсетіледі;

- төмендегі жолда «ғылыми жетекші» жазылады және тегі мен аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, басқа да регалиялары көрсетіледі;

- «Қорғауға жіберілді» хаттаманың нөмірі және күні;
- кафедра меңгерушісінің және нормобақылаушының қолы;
- қала, жыл.

Титул парағын ресімдеу үлгісі 1-қосымшада келтірілген.

4.4 Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі рефераттарда:

- жұмыстың көлемі, иллюстрациялардың, кестелердің, пайдаланылған мәлімет көздерінің саны туралы ақпарат;

- жұмыстың мазмұнын сипаттайтын кілт сөздердің тізімі,
- жұмыстың мақсаты мен міндеттері, қолданылған әдістері мен қондырғылары, алынған нәтижелер мен олардың практикалық пайдаланылуы көрсетіледі.

Реферат көлемі 1000 таңбадан аспауы тиіс (2-қосымша).

4.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) мазмұны мыналарды қамтиды: кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің реттік нөмірлері және атауы, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және дипломдық жұмыстың (жобаның) осы элементтері басталатын беттердің нөмірлері көрсетілген қосымшалардың атауы (3-қосымша).

4.6 Кіріспеде дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының негіздемесі, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің қазіргі таңдағы жағдайының талдауы, сонымен қатар дипломдық зерттеудің мақсаты, міндеттері және нысандары, теориялық және әдістемелік негізі мен практикалық базасы көрсетілуі тиіс.

4.7 Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі. Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімі бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Негізгі бөлім үш бөлімнен тұрады: әдебиетке шолу, эксперимент әдістемесі, эксперимент нәтижелері және оларды талқылау. Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу білім алушының арнайы әдебиеттермен негізді танысуын, оның дереккөздерден мәліметтерді жүйелендіру, оларды сыни тұрғыдан қарау, басқа зерттеушілердің бұрын жасаған бағалауын, тақырыпты қазіргі заманғы жағдайда ең бастысы анықтауды көрсетуі тиіс. Онда зерттелетін мәселенің мәні баяндалады, оны шешудің әр түрлі тәсілдері қарастырылады, оларға баға беріледі, студенттің өзіндік ұстанымдары негізделеді және баяндалады. Әдебиетке шолу нәтижесінде осы тақырып әлі ашылмаған немесе ішінара ғана ашылмаған, немесе сол аспектіде емес, сондықтан әрі қарай әзірленуді қажет етеді деген қорытындыға келтірілуі тиіс. Жұмыстың (жобаның) осы бөлімінің көлемі негізгі бөлім көлемінің үштен бірінен аспауға тиіс.

4.8 Екінші бөлім әдістемелік сипатқа ие және жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері мен нақты әдістемелеріне арналған нұсқауларды қамтуы тиіс: зерттеу объектілерін, пайдаланылған экономикалық-математикалық модельдер мен компьютерлік бағдарламаларды, аспаптарды, жабдықтарды, қондырғыларды, эксперименттік зерттеулер жүргізілген кәсіпорындарды сипаттау, қолданылатын сауалнамалық сипаттамалар, тақырыпты метрологиялық пысықтау және т. б.

4.9 Зерттеу нәтижелерін талқылай отырып, студент анықталған заңдылықтарды, техникалық, табиғи, экономикалық немесе әлеуметтік процестердің өтуіне әсер ететін факторларды, зерттелетін құбылыстардың себептерін, олардың дамуындағы тенденцияларды және т. б. анықтау керек. Жұмыста алынған нақты материалдың негізінде экономикалық қызмет

тараптарын жетілдіру, өндірістік, әлеуметтік және мәдени процестерге әсер ету жөніндегі ұсыныстар негізделеді.

4.10 Негізгі бөлімнің барлық үш бөлімі бір-бірімен логикалық байланысты болуы тиіс. Негізгі бөлімнің мазмұны жұмыс тақырыбына дәл сәйкес келуі және оны толығымен ашылуы тиіс, бұл ретте тіл мен баяндау стиліне ерекше назар аудару керек.

4.11 Қорытындыда дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау, зерттелген объекті бойынша нақты ұсыныстар болуы тиіс.

4.12 Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде жұмысты жазу кезінде пайдаланылған деректер туралы мәліметтер болуы тиіс: жұмыс мәтініндегі әрбір дереккөзге сілтеме болуы тиіс. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді (4 қосымша).

4.13 Қосымшаға дипломдық зерттеуді орындауға байланысты негізгі бөлімде көрініс таппаған материалдар енгізіледі.

4.14 Дипломдық жұмыста (жобада) қабылданған шешімдер, барлық мәліметтердің нақтылығы мен объективтілігі үшін дипломдық жұмыстың (жобаның) авторы студент жауап береді.

5 Дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу ережелері

5.1 Дипломдық жұмыс (жоба) компьютер мен принтер арқылы А4 қағазының бір жақ бетінде бір интервал арқылы басылып шығарылады. Қаріп – Times New Roman, қалыпты, 14 кегль.

Дипломдық жұмыс (жоба) мәтінін шығару кезінде парақ шеттері келесідегідей болу керек: сол жақ – 30 мм, жоғарғысы – 20 мм, оң жақ – 10 мм және төменгісі – 25 мм.

Терминдер, формулалар, теоремаларға көңіл аудару мақсатымен әртүрлі қаріптерді қолдану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат беріледі.

5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) басып шығару әдісіне қарамастан жазылған мәтіннің, иллюстрациялардың, кестелердің, суреттердің сапасы олардың анық жазылуына қойылатын талаптарға сәйкес келу керек.

5.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) жазылу барысында кеткен қателіктер, жаңылыстар және графикалық дәлсіздіктерді тазалап немесе ақ түсті бояумен бояп, машиналық немесе жазбаша әдіспен (қара сиямен) түзетілген мәтінді қайта жазуға болады.

5.4 Дипломдық жұмыста (жобада) мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың, өнімдердің атауы түпнұсқада жазылу керек.

Ұйымдардың атын транслитерация арқылы дипломдық жұмыс (жоба) тілінде келтіруге рұқсат етіледі.

5.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтерінің атаулары "Мазмұны", "Кіріспе", "Қорытынды", "Пайдаланылған әдебиеттер тізімі" жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

5.6 Дипломдық жұмыс (жоба) тараулар мен бөлімдерге бөлінеді. Әрбір

тарау мен бөлім толық қарастырылған бір ақпаратты қамтиды.

Барлық тараудың аттары жалпы дипломдық жұмыс (жобаның) тақырыбын, ал бөлімдердің аты сәйкес тараудың тақырыбын ашып көрсету керек.

5.7 Тараулар мен бөлімдердің аттары қысқа әрі нақты түрде олардың мазмұнын көрсету керек.

5.8 Тараулар мен бөлімдердің аттарын абзацтан және бас әріптен бастап жазу керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, онда оларды нүктемен бөледі.

5.9 Дипломдық жұмыстың (жобаның) беттерін араб цифрларымен номерлеу керек. Беттер санын төменгі жақтың ортасына нүктесіз орналастыру керек.

5.10 Титул парағы жалпы номерлеуге кіреді. Титулдық бетте бет санын көрсетпейді.

5.11 Басқа беттерде жеке орналасқан иллюстрациялар мен кестелерді дипломдық жұмыстың (жобаның) жалпы номерлеуіне қосады. А3 форматында жасалған иллюстрациялар мен кестелерді бір бет деп есептейді.

5.12 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тарауларының реттік номерлері болуы керек және араб цифрларымен нүктесіз белгіленіп, абзацтан басталуы керек. Әр тараудың шеңберіндегі бөлімдер де номерленуі тиіс. Бөлімдердің номерлері нүкте арқылы бөлінген тарау мен бөлімдердің номерілерінен тұрады. Бөлімнің номерінен кейін нүкте қойылмайды. Тараулар екі немесе одан да көп бөлімдерден тұрады.

1. Типтер және негізгі өлшемдер

1.1

1.2

1.3

2. Техникалық талаптар

2.1

2.2

2.3

5.13 Дипломдық жұмыстың (жобаның) әр тарауын жаңа беттен бастау керек. Бір тараудың ішіндегі екі бөлімді бір-бірінен бөлу үшін мәтіннен кейін екі бос жол тастайды.

5.14 Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) дипломдық жұмыста (жобада) алғашқы рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасу керек.

Иллюстрациялар, оның ішінде түрлі-түсті суреттер, компьютермен жасалуы мүмкін. Дипломдық жұмыста (жобада) барлық иллюстрацияларға сілтеме берілуі керек.

5.15 Дипломдық жұмыста (жобада) көрсетілген сызбалар, графиктер, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар Конструкторлық құжаттамалардың бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандартына сай келуі керек.

5.16 Қосымшадағыдан басқа суреттерді араб цифрларымен тура номерлеу керек.

Егер сурет біреу болса, «1-сурет» деп белгіленеді, «сурет» сөзі мен оның атауы жолдың ортасына жазылады.

5.17 Суреттерді тарау ішінде номерлеуге болады. Мұндай жағдайда сурет номері нүктемен бөлінген тарау мен суреттің реттік номерінен тұрады. Мысалы: 1.1 Сурет.

5.18 Иллюстрациялар, қажет болған жағдайда, атауы мен түсіндірме мәліметтері (сурет астындағы мәтін) болуы мүмкін. «Сурет» сөзі және оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады және мынадай түрде орналастырылады: 1 сурет. Банк жүйесінің құрылымы.

5.19 Суреттерге сілтеме жасағанда «2 суретте көрсетілгендей» (тура номерлегенде),

«1.2 суретте көрсетілгендей» (тарау ішінде номерлегенде) деп жазылу керек.

5.20 Көрсеткіштердің көрнекілігі мен салыстыру мүмкіндігін жақсарту үшін кестелер қолданылады. Кестенің аталуы оның мағынасын толық ашып, нақты және қысқа болу керек. Кестенің аты кестеден жоғары «1 кесте» сөзінен кейінгі жолда абзацтан бастап жазылу керек.

5.21 Кестені дипломдық жұмыста (жобада) ол туралы алғашқы рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек.

5.22 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) барлық кестелерге сілтеме жасалуы керек. Сілтемеде номері көрсетілген «кесте» сөзін жазу керек.

5.23 Көп жолдан тұратын кестені келесі бетке ауыстыруға болады. Кестені келесі бетке ауыстырғанда «кесте» сөзі мен номерін кестенің бірінші бөлігінің сол жақ үстіне жазады, қалған бөлігінің үстіне «жалғасы» деп жазып, кестенің номерін көрсетеді, мысалы, «1- кестенің жалғасы». Кестені келесі бетке ауыстырғанда, оның атын тек бірінші бөлігінің үстіне жазады. Кесте бөлігін басқа бетке ауыстырғанда, төменгі горизонтал сызықты көрсетпейді.

Бағандар саны көп кестелерді қосымшаға шығарған жөн.

5.24 Егер кестенің жолдарында (бағандарында) бір сөзден тұратын мәтін қайталанатын болса, бірінші рет жазылғаннан кейін оның орнына тырнақша қоюға болады, егер қайталанатын мәтін екі немесе одан көп сөзден тұрса, бірінші қайталауда оның орнына «Дәл сондай» сөзі жазылып, ары қарай тырнақша қойылады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, таңбалардың, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақша қоюға рұқсат етілмейді. Егер кестенің қандай да бір жолында мәліметтер келтірілмесе, сол ұяшыққа сызықша қойылады.

5.25 Қосымшалардағы кестелерден басқа кестелерді араб цифрларымен номерлеу керек.

5.26 Кестелерді тарау ішінде номерлеуге болады. Мұндай жағдайда кесте номері нүктемен бөлінген тарау мен кестенің реттік номерінен тұрады.

5.27 Кесте бағандары мен жолдарының атаулары бас әріппен жекеше түрде жазылады. Тақырыпшалар негізгі атаулармен бір сөйлемді құраса -

кішкентай әріппен, жеке өзіндік мағынада болса -бас әріппен жазылады. Кестедегі атаулар мен тақырыпшалардың соңында нүкте қойылмайды.

5.28 Кестелерді сол, оң және төменгі жағынан, ереже бойынша, сызықтармен шектейді. Мәтіндегіге қарағанда кестеде қаріптің кіші өлшемін қолдануға рұқсат етіледі.

Бағандардың атауларын кесте жолдарына параллель орналастырады. Қажет жағдайда атауларды жолдарға перпендикуляр бағытта жазуға рұқсат етіледі. Кестенің басы басқа бөліктерінен сызық арқылы бөлінеді.

5.29 «Ескертпе» сөзі бас әріппен және абзацтың басынан жазылады және асты сызылмайды.

5.30 Ескертпелер дипломдық жұмыста (жобада) мәтін мазмұнын, кестені немесе графикалық материалды түсіндіру үшін немесе анықтамалық мәліметтер қажет жағдайда келтіріледі.

5.31 Ескертпелер оларға байланысты мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе кестеде келтіріледі, кестедегі графикалық, тексттік материалдан кейін жазу керек. Егер ескертпе біреу болса, онда «Ескертпе» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескертпе бас әріппен жазылады. Жалғыз ескертпе номерленбейді. Бірнеше ескертпені ретімен араб цифрларымен нүктесіз номерлейді. Кестеге қатысты ескертпені кестені төменгі жағынан шектейтін сызықтың жоғарғы жағына орналастырады.

5.32 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөліп жеке жолға жазу керек. Әр формула мен теңдеудің жоғарғы және төменгі жағынан кемінде бір бос жол қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол (=), (+), (x), (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін жазылып, сол белгі келесі жолда қайталану керек.

5.33 Символдар мен сандық коэффициенттердің түсініктемелерін формуладан кейін, формуладағы ретпен келтіру керек.

5.34 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) формулалар рет-ретімен араб цифрларымен номерленеді, номерлер формула тұрған жолдың шеткі оң жағына жай жақша ішіне орналастырылады.

5.35 Формулалардың номеріне берілетін мәтіндегі сілтемелер жақшамен беріледі. Мысалы, «(1) формула».

5.36 Формулаларды тарау ішінде номерлеуге болады. Мұндай жағдайда формуланың номері нүктемен бөлінген тарау мен формуланың реттік номерінен тұрады, мысалы, (3.1).

5.37 Пайдаланылған әдебиеттерге жасалатын сілтемелерді төртбұрышты жақшада келтіру керек.

5.38 Әдебиет көздері бойынша мәліметтерді олардың дипломдық жұмыста (жобада) кездесу реті бойынша араб цифрларымен нүктесіз номерлеп, абзацтан бастап жазу керек (5 - қосымша).

5.39 Қосымшаларды дипломдық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретінде соңғы беттерде ресімдейді.

5.40 Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) барлық қосымшаға сілтеме берілу керек. Қосымшаларды мәтіндегі сілтемелер ретімен орналастырады.

5.41 Әр қосымшаны жаңа беттен бастап, беттің жоғарғы жағының ортасына «Қосымша» сөзі мен белгілеуін жазады.

Қосымшаның атауы болуы керек, оны мәтінге қатысты симметриялық орналастырып, жеке жолға бас әріппен жазады.

Егер дипломдық жұмысқа (жобаға) бір қосымша берілсе, оны белгілемеуге болады.

5.42 Қосымшалар орналасқан беттердің номерленуі дипломдық жұмыс (жоба) беттерінің номерлерін жалғастырады.

6 «Антиплагиат» жүйесі негізінде дипломдық жұмысты (жобаны) орындау дербестігін қамтамасыз ету тәртібі

6.1 Дипломдық жұмыс (жоба) студенттердің ғылыми жетекшінің жетекшілігімен өз бетінше орындалады.

6.2 Плагиат (көшіріп алу) деп дипломдық жұмыста (жобада) қағаз немесе электрондық тасымалдағышта жарияланған бөтен мәтінді дереккөзге сілтеме жасамай немесе сілтеме болған жағдайда пайдалану түсініледі, бірақ көшіріп алу көлемі мен сипаты жұмысты немесе оның қандай да бір тарауларының дербестігіне күмән келтіргенде.

6.3 Плагиат негізгі мәтінді сөзбе-сөз баяндау, сондай-ақ парафраз-мәтін мазмұнын өзгертпей сөздер мен сөйлемдерді ауыстыра отырып, бөтен мәтінді баяндау деп танылады.

6.4 Плагиат дипломдық жұмысты (жобаны) өздігінен орындау ретінде студенттің оқу тәртібін бұзуы ретінде қарастырылады.

6.5 Дипломдық жұмысты (жобаны) студент «Антиплагиат» жүйесімен тексеру үшін UNIVER жүйесіне жүктейді. Егер бағдарлама берген пайыздық, бірегейлігі қанағаттанарлық болса (80% - дан артық), студент жетекшіге өз жұмысын жібереді. Оқытушы есепті қарап, құжатты деректер базасына жібереді. Құжатты деректер базасына жібергеннен кейін ғана басып шығарылған есепте QR-код болады, онсыз есеп жарамсыз болады. QR-коды бар басып шығарылған есеп (екі данада) қорғау кезінде аттестаттау комиссиясына беріледі.

6.6 «Антиплагиат» жүйесімен тексеруден өтпеген дипломдық жұмыс (жоба) қорғауға жіберілмейді.

7 Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну тәртібі

7.1 Дипломдық жұмыс (жоба) алдын-ала қорғау үшін түлек шығаратын кафедраға ұсынылады.

7.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын-ала қорғау процесі студенттер мен ғылыми жетекшілердің қатысуымен кафедраның ашық отырысында өтеді. Алдан ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді.

7.3 Алдын ала қорғаудан өткен және талаптарға сай ресімделген, студент және нормобақылаушы қол қойған дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшіге беріледі.

7.4 Ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша пікір жазады. Пікірде жасалған жұмысқа сипаттама беріледі, дипломдық жұмыстың (жобаның)

артықшылықтары мен кемшіліктері белгіленеді, тақырыптың өзектілігі, зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен практикалық маңыздылығы талданады, жұмысты жазу кезінде студенттің дербестік дәрежесіне баға беріледі. Дипломдық жұмысты (жобаны) қолдаған жағдайда, жетекші қол қойып, өзінің қорғауға жіберілгені туралы шешім жазылған пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне береді. Дипломдық жұмысты (жобаны) қолдамаған жағдайда, ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жібермеу туралы шешімін негіздейтін пікір жазады.

7.5 Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыс (жоба) бойынша нақты шешім қабылдап, титул парағына жазады. Кафедра меңгерушісі студентті дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жібермеу туралы шешім қабылдаса, бұл мәселе студенттің және ғылыми жетекшінің міндетті түрде қатысуымен өтетін кафедра отырысында қарастырылады.

7.6 Кафедра қорғауға жіберген дипломдық жұмыс (жоба) пікір алуға жіберіледі.

7.7 Пікір беруші дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша пікір береді, онда зерттелетін тақырыптың өзектілігіне, тақырыптың ашылу тереңдігіне, дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша зерттеу әдебиетін білуіне, алынған нәтижелердің шынайылығына, олардың жаңалығы мен практикалық маңыздылығына, орындалған жұмыстың сапасына баға берілуі тиіс. Пікірде дипломдық жұмыстың (жобаның) кемшіліктерін атап өту қажет. Пікірде баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға және тиісті дәрежені беру және біліктілікті беру мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі.

7.8 Ғылыми жетекші қорғауға жіберген, бірақ пікір берушінің «F» - қанағаттанарлықсыз бағасына ие болған дипломдық жұмыс (жоба) жалпы шарттарға сәйкес қорғалады.

7.9 Дипломдық жұмыс (жоба) студенттің қалауымен қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде қорғалады. Студент кафедраның ұсынысы бойынша диплом жұмысының (жобасының) қысқаша мазмұнын шетел тілдерінің бірінде ұсына алады, ол қорғауда жарияланып, осы тілдегі сұрақтармен сүйемелденуі мүмкін.

7.10 Дипломдық жұмыс (жоба) заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық- коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер негізінде мультимедиялық көрсетілім түріндегі электрондық ресурстарды пайдалану арқылы қорғалуы мүмкін.

8 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау реті

8.1 Дипломдық жұмыс (жоба) аттестациялау комиссиясының ашық отырысында, кем дегенде комиссия мүшелерінің жартысының қатысуымен қорғалады.

8.2 Дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуы көпшілік түрде, студенттер мен кафедра оқытушыларының қатысуымен өтеді. Сонымен қатар, қорғауға ғылыми жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және тағы да басқа қызығушылық танытқан тұлғалар шақырылуы мүмкін.

8.3 Бір студент үшін дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуы 30 минуттан аспау керек.

8.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін студент мемлекеттік аттестациялау комиссиясының алдында 15 минуттан аспайтын уақытты баяндама жасайды.

8.5 Дипломдық жұмысты (жобаны) сұрақ қою немесе пікір айту түрінде өткізілетін талқылауға отырғандардың барлығы қатысуына болады.

8.6 Талқылаудан соң комиссия хатшысы пікірлерді оқиды. Отырысқа қатысқан жағдайда ғылыми жетекші өзі сөз сөйлеуіне болады. Пікірлердегі ескертулерге студент негізделген жауап беру керек.

8.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша баллдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес баға қойылады. Бағалау кезінде теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі мен пікір берушінің бағасы есепке алынады.

8.8 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері әр студент бойынша аттестациялау комиссия отырысының хаттамасымен ресімделіп, қорғау болған күні жарияланады.

Титул парағын ресімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Факультет (факультет атауы)

Кафедра (кафедра атауы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА)

тақырыбы: «Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы»

мамандық бойынша ШИФР – «мамандық»

Орындаған: _____ (Т.А.Ж.)
(қолы)

Ғылыми жетекші: _____ (Т.А.Ж.)
(атағы) (қолы)

Қорғауға жіберілді:

Хаттама № _____ , _____ «___» _____ 20___ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ (Т.А.Ж.)
(қолы және мөрі)

Нормобақылау _____ (Т.А.Ж.)
(қолы)

Алматы, 20___ г.

РЕФЕРАТ

Дипломдық жұмыстың көлемі ___ бет, ___ сурет, ___ кесте, ___ дереккөз, ___ қосымша.

АҚПАРАТ, ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ, ИЕРАРХИЯНЫ ТАЛДАУ ӘДІСІ, АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРНЫ.

Мақсаты: Ақпаратты қорғаудың оңтайлы жүйесін таңдау үшін қауіпсіздік бойынша сарапшының автоматтандырылған жұмыс орнын әзірлеу.

Объект - ақпаратты қорғау жүйесі.

Пән - сараптамалық бағдарламалық қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда ақпарат кез келген қызметтің ерекше ресурсына айналды, демек, кез келген басқа ресурс сияқты қорғауға, оның сақталуын, тұтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мұқтаж.

Ақпараттық жүйелерді құру нұсқаларының алуан түрлілігі олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктерін ескеретін әртүрлі қорғау жүйелерін құру қажеттілігін туындатады. Қолда бар жарияланымдардың үлкен көлемі оларға тән ерекшеліктер мен жұмыс істеу жағдайларын ескере отырып, нақты Ақпараттық жүйелер үшін ақпаратты қорғаудың кешенді жүйесін құруға қалай кірісу керектігі туралы нақты түсінік қалыптастыру екіталай.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта талдау және бүгінгі күні пайдалану қажет ақпаратты қорғау технологиялары, тәсілдері мен құралдарының жеткілікті саны әзірленді және қолданылады. Бұл құпия сипаттағы мәліметтердің ағу ықтималдығын күрт қысқартуға мүмкіндік береді.

Нәтижелері:

- ақпаратты қорғау жүйесін құру бойынша әдебиеттер зерттелді;
- әр түрлі ранжирлеу әдістері және оңтайлы таңдау;
- оңтайлы қорғау жүйесін таңдау үшін бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленді.

СОДЕРЖАНИЕ

Кіріспе.....	2
1 БӨЛІМНІҢ АТАУЫ	10
1.1.....	10
1.2.....	15
1.3.....	18
2 БӨЛІМНІҢ АТАУЫ	20
2.1.....	20
2.2.....	30
2.3.....	40
3 БӨЛІМНІҢ АТАУЫ	50
3.1.....	50
3.2.....	60
3.3.....	70
Қорытынды.....	80
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	100
Қосымшалар	
Қосымша А.....	110
Қосымша Б.....	111

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ ҮЛГІСІ

Кітаптар мен монографиялар тізімі

- 1 Смолянинов В. В. Математические модели биологических тканей. – М.: Наука, 1980. – 358 с.
- 2 Дрягина И.В., Мурин А.А., Янсиков В.Н. Экспериментальный мутагенез садовых растений. – Кишинев: Штиинца, 1981. – 240 с.

Периодикалық басылымдар тізімі

- 3 Кольтовер В.К. Термические конформационные переходы в электронпереносящих биологических мембран //Биофизика. – 1973. – Т.18. – Вып.2., ч.1. – С. 827-833.

Журналдардың атаулары әр мамандықта қабылданған нормаларда қысқаруы мүмкін: Бюлл. эксп. биол. и мед.; Физиол. Журн. СССР.

Мақалалар мен кітаптар тізімі

- 4 Берестовский Т.Н. Электроннооптические эффекты в мембранах // В кн.: Биофизика мембран. – Каунас, 1971. – С.111-155. или. В сб.: Физико-химические методы изучения, анализа и функционирования биополимеров. – М., 1996. – С. 10-39.

Диссертациялар мен авторефераттар тізімі

- 5 Соколов Ю.В. Изучение взаимодействия летосом с плоскими бислойными фосфолипидными мембранами: Автореф. канд. дис. биол. наук. – Киев, 1982. – 19 с.

Электрондық ресурстар

- 6 Рощина Я.М. Дифференциация стилей жизни россиян в поле досуга [Электронный ресурс]. – Экономическая социология. – 2007. – Т. 8. – №4. – С.23-42. – Режим доступа: <http://ecsoc.msses.ru/issues/2007-8-4/index.html>.
- 7 Единый архив социологических данных [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – Режим доступа: <http://sofist.socpol.ru/>